







Ғылым дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап берудің оңай еместігінің дәлелі ретінде оның қашан пайда болғандығы туралы пікірталастың әлі күнге толастамай отырғанын айтуға болады. Ғалымдардың бір тобы ғылым ежелгі дүниенің антикалық кезеңінде, яғни, осыдан 2,5 мың жыл бұрын пайда болды десе, енді бір ғалымдар нағыз ғылым тек Жаңа Дәуір кезеңінде, шамамен XVIII-ғасырда қалыптасты деген пікірді ұстанады.



Мұндай пікірталастың себебі ғылымның күрделі және санқырлы құбылыс екендігінде. Ол бір жағынан алғанда білімдердің, теориялық қағидалар мен методтардың жүйесі, сонымен бірге қоғамдық сананың формасы, қоғамды» дамудың рухани жемісі, қоғам дамуын басқару құралы, өндіргіш күш күрделі информациялық жүйе және т.б. Осы әр түрлі салалардың мамандары ғылымға әр түрлі анықтамалар береді және олардың ешқайсысын да теріске шығаруға болмайды. Әртүрлі анықтамаларды қорыта келіп, ғылымның жалпы анықтамасын беретін болсақ, ғылым — табиғат, қоғам және адам туралы білімдер өндіруге бағытталған зерттеу қызметі саласы.

- Ғылым ең әуелі адамды қоршаған орта — табиғатты зерттеуге бағыталған қызметтің жемісі ретінде дүниеге келді. Бірте-бірте қоғам туралы ғылыми түсініктер жинақтау қажеттігі туындады. Бірақ ғылым процесіндегі басты тұлға, ғылымның басты субъектісі де, объектісі де — адамның өзі. Адамның қатысуынсыз ғылымның қалыптасуы мүмкін емес, сонымен бірге, адам өзін түсінуге, өз мүмкіндіктерін анықтауға, табиғат пен қоғамның ғана емес, өз болашағын болжауға көне заманнан бастап осы күнге дейін талпынып келеді және бұл процесс адам жерт бетінде қанша өмір сүрсе, сонша жалғаса бермек.




Ғылымның функциялары. Ғылым күрделі әлеуметтік функциялар атқарады. Бұл функциялар ғылымның өзінің дамуымен бірге үнемі өзгеріп, толықтырылып және ғылымның дамуына өзіндік осерін тигізіп отырады. Қазіргі ғылымның үш әлеуметтік функциясын атап көрсетуге болады:

1) мәдени-
көзқарастық;


2) өндіргіш күштер
функциясы

3) әлеуметтік күштер
функциясы. Ғылымның
генезисі және негізгі
даму кезеңдері.

Ғылымның генезисі, қоғамдағы қызметі және дамуының қозғаушы күштері мәселесі бойынша интерналистік, экстерналистік және позитивистік концепциялар бар.



Интернализм ғылымның пайда болуы мен дамуына философиялық ой тікелей әсер етті деп есептейді және қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымы мен сол қоғамның ғылымының арасында ешқандай байланыс болуы мүмкін емес деген пікірді ұстанып, ғылымның ішкі факторларын абсолютке айналдырады.



Экстернализм бұл концепцияға қарсы. Оның өкілдерінің пікірі бойынша, ғылымға сыртқы факторлардың әсері **МЫҚТЫ.**



Позитивизм; ғылым нақты, тәжірибеден өткен, дәлелденген фактілерге сүйене отырып дами алады, абстрақтылық ойлау мен метафизикалық түсініктер ғылым үшін пайдасыз.



Алғашқы қауымдық қоғам дамуының мыңжылдық практикасы ғылымды қалыптастыра алған жоқ. Білім күнделікті өмірдің қажеттіліктері қанағаттандыруға ғана бағытталып, одан жоғары көтеріле алмады. Алғашқы қауымдық қоғамда өмір сүрген адамдар дүние туралы білім жинамады деуге болмайды, бірақ заттар туралы объективтік білім оларды субъективтік қабылдаумен тығыз байланысты еді, яғни, объективтік білім элементтері мен субъективтік сана арасында шекара болмады, табиғат құбылыстары адам және оның өмірімен байланысты түсіндірілді.



Адам ойы таза теориялық білім деңгейіне көтерілуі үшін оның дәстүрлі практикалық бағытталғандығын бұзу қажет еді. Ескі сананы күйрету санаға тікелей әсер ету арқылы емес, сана бейнелеп отырған дүниені түбірімен қайта түсіну арқылы жүрді. Дүниеге деген жаңа көзқараста заттар адамға байланысты емес, объективті, заттар мен адам жеке-жеке, бір-біріне қатысты, бірақ тәуелсіз, нәрселер ретінде пайымдалды. Осындай ерекшелік көне гректерге тән еді. Ғылымды зерттеуші ғалымдардың бәрі дерлік ғылымның отаны көне Греция деп мойындайды. Гректер Египет пен Вавилон империяларында бірнеше жүзжылдықтарға созылған соғыстардан аман қалған, ұзақ уақыт ескерілмеген білімдерді қабылдап алды және жәй қабылдап қана қоймай, өздерінің ақыл-ойының, ойлау қабілетінің күштілігі арқасында өздерінің білімдерін қоса отырып жаңа дәрежеге көтерген, оларға абстрактылық және рациональдік сипат берген халық болды.



Ғылым философиясы. Ғылымды философиялық тұрғыдан зерттеу аса маңызды және ол ғылым мен ғылыми қызметті зерттейтін басқа пәндердің арасында ерекше, басты орын алады. Ғылымды зерттеудің әр түрлі жеке методтары мен арнайы ғылымтану пәндері қаншалықты профессорлі және өзекті болғанымен, олар ғылымды философиялық тұрғыдан зерттеудің орнын баса алмайды. Философия ғылымды қоғамдық сананың белгілі бір формасы және адамның дүниеге көзқарасын анықтаушы теориялық сана ретінде, қоршаған ортаға қатынастың типі ретінде сараптайды.

Антикалық пәлсапа алғашқы қауымдық құрылыстың орнына құл иеленушілік құрылыс келген дәуірде өмірге келді.

- Ертедегі Грекияның алғашқы философтары стихиялы материалистік бағытты ұстануымен ерекшеленеді. Олар бүкіл дүниені тұтастай алып қарап, әлемнің, дүниенің түп негізін, алғашқы бастамасын табуға тырысты. Антикалық философтарды «физиктер» деп атаған. Себебі, олар философиялық ойларын табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып тұжырымдаған. Мұндай философиялық пікірді философияда «натурфилософия» деп атайды.
- Дүние қалай пайда болды, қалай жаратылды, ең бірінші не пайда болды деген сұраққа ерте грек ойшылдары жауап бере отырып, өз пікірлерін алға тартты.

Ертегірек (антикалық) философиясы өзінің даму тарихында үш кезеңнен өтті:

Сократқа дейінгі кезеңдік философия (б.д.д. 7-6 ғ.ғ.). Бұл кезеңде натурфилософиялық көзқарас басым болды. Милет, Элей, Пифагоршылдар, Софистер мектебінің қалыптасуымен қатар атомдық көзқарастың негізі қаланады.

Классикалық кезең (б.д.д. 4ғ.). Платон мен Аристотель философиялық еңбектерімен ерекшеленеді.

Римдік-эллиндік кезең (б.д.д. 3ғ. соңы мен б.д. 3ғ. басы). Стоиктер, скептиктер және эпикуршілдік мектептер басымдылық танытқан кезең.



- **Аристотель** (б.д.д. 384-322 ж.ж.) – ежелгі грек философы, логика және басқада көптеген ілімдердің негізін қалаған энциклопедист-ғалым. Әлем бойынша бірінші ұстаз атағына ие. Фракиядағы Стагирда туған, Афиныдағы Платон мектебінде тәрбиеленді. Платонның денесіз форма жөніндегі («идеялар дүниесі» пікірін) теориясын сынаса да «идеялизм мен материализм» арасында екі ұдай күйге түсіп платондық идеяны толықтай жоққа шығара алған жоқ. Аристотельдің айтуы бойынша рух тәннен бөлінбейді, тән өлгенде жанда жоғалады.

- 335 ж. Афиныда өз мектебін (Лицей деп аталды) ашты. Аристотель философияны үш салада бөліп қарастырды: 1) Теориялық бөлімі – болмыстың кезеңдері, себептері мен түп негізі турасындағы ілім; 2) Практикалық бөлім – адамдардың іс-әрекеті жөнінде ; 3) Поэтикалық бөлім –(творчество) шығармашылық жөнінде. Ал ғылымның зерттейтін объектісі – адамның ақыл-ой өресі жететін дүние.



Философия туралы

- Аристотельдің философиялық көзқарасы «Метафизика», «Рух туралы», «Категориялар» және «Алғашқы және кейінгі Аналитика» деген шығармаларында жете пайымдалған. Аристотель философияны "шынайы ғарыштың себептерін зерттейтін ілім" деп бағалады.



**Афина мектебі,
Рафаэль. Үлкен
суреттің орталық
бөлігі.**


- Ол ғылым мен парасаттың көптеген тақырыптарын жүйелі әрі жан-жақтылы зерделеп, жаратылыс пен өмірдің түрлі құбылыстарына нақты ғылыми зерттеулер жасап, артына сүбелі еңбектер жазып қалдырды. Аристотель ғылымның көптеген саласының алғашқы негізін қалады, олардың арасында [физика](#), [метафизика](#), [поэтика](#), [театр](#), [музыка](#), [логика](#), [риторика](#) (шешендік өнері), [саясат](#), [этика](#), [эстетика](#), [биология](#), [зоология](#) және [экономика](#) қатарлылар айрықша аталады. Ол қалдырған философиялық пайым жүйесі мен ғылыми зерттеу дәстүрі кейінгі мұсылмандық және христиандық мәдениетке, шығыс-батыс өркениетіне айрықша ықпал етті. Қазақтың ұлы ойшылы [Абай Құнанбайұлы](#) өзінің «[Ескендір](#)» поэмасында Ескендірдің көзтоймастығына салыстырмалы Аристотельдің ғажайып даналығын айқын сипаттайды.



Өмірбаяны және шығармашылығы

- *Аристотель* сөзінің грекше мағынасы «Ұлы мақсат» дегенді білдіреді. Аты "Ұлы мақсат" дегенді білдіретін Аристотель Македонияға қарасты Халкида түбегіндегі Стагира қаласында б.з.д. 384 жылы туған. Стагира қаласының орыны бұл күндері Салоникиден 55 км қашықтықта жатыр. Оның әкесі Македония патшасы Аминтастың жеке дәрігері болған. Аристотель де өте жас кезінде монарх ордасында болыпты. Әкесі Никомах Аристотельдің жас кезінде қайтыс болады. Бірақ Аристотель ақсүйектерге лайықты тәрбие және білім алды.
- 18 жасында Аристотель Афина қаласына барып, Платон Академиясында шамамен жиырма жыл бойы – б.з.д. 347 жылы Платон қайтыс болғанға дейін академиялық білім алады. Платон Аристотельді өте ұнатты деу қиын, Аристотель де Платонның негізгі көзқарастарына қарата өзгеше пікірде болған және Платонмен дауласып қалып отырған. Әрине, ол бүкіл өмірінде Платонға деген құрметінен айныған жоқ.

- Аристотель бойынша, философияны зерттеу жеке заттардың қасиетіне бойлау арқылы заттардың ортақ қасиетін игеру деп есептесе, Платон бойынша философия баршаға ортақ жалпылық идеяны тану керек деді. Платон априори (тума білуді) негіз етсе, "Үйрену дегеніміз ұмытып қалған тума білімді еске түсіру" десе, Аристотель дедуктивті (жалпыдан жекеге өту, зерделеп білу) және индуктивті (жекеден жалпыға өту, тәжірибеге сай білу) логиканы негіз етіп логикалық ақыл мен тәжірибелік бақылауды басты назарға алды



- Аристотель бойынша, ғылым (логикалық тұжырым) дегеніміз не нақты, не қиялдауға болатын, не теориялық нәрсе. "Нақты" дегеніміз этика, саясаттану секілді қолданылу мағынасы бар екендікті білдірсе, ал "қиялдауға болатын" деген сөз поэтика, эстетика секілді тек елестету арқылы түсінуді көрсетеді. Ал теориялық дегеніміз физика, математика, және метафизика секілді терең зерттеу, толғаныс салаларын көрсетеді.
- Метафизика мен философия Аристотельдің анықтамасы бойынша "пішінсіз затты тану", яғни "бірінші философия", "теориялық философия", немесе "ең жоғары дерексіз қабаты тану" деп атады. Ал, логиканы ([анализдеу](#)) осынау жоғары деңгейдегі философияны үйренудің алғашқы сатысы деп есептеді.
- Аристотель Философияны 3 негізгі пәнге бөлді:
- **Теориялық пәндер** — математика, жаратылыстану ғылымы, метафизика деп аталған бірінші философия. Кейінгісі болмыс туралы ілім, болмыстың құрамы, себептері және бастауы туралы ілімдерді көрсетеді.
- **Тәжірибелік пәндер** — адамдардың іс-әрекеті турлы ілімдер, мысалы этика, саясаттану, экономика, стратегия және риторика
- **Поэтикалық пәндер** — ақындық шығармашылық, сурет, музыка қатарлылар.
- Аристотель өз философиясында болмыс туралы ілімге, табиғатқа, яғни барлық заттардың негізі болып табылатын алғашқы материяға көп көңіл бөлді. «Метафизика» кітабында Аристотель табиғатты жан-жақты зерттеумен шұғылданды. Табиғат – бір жағынан заттың пайда болуының, зат құрамының негізі және “әрқайсысындағы алғашқы қозғалыстың көзі” болатын болса, екінші жағынан, табиғат өздігінен өмір сүретін заттардың мәні, “табиғат дегеніміз – форма және мән.

- Аристотельдің көптеген шығармаларында этика талқыланғанымен, бұл саладағы ең сүбелі ойлар оның ұлы еңбегінің бірі «Никомах этикасы» кітабында пайымдалады. Аталған кітаптың аты Аристотельдің әкесі Никомахтың құрметіне осылай аталған.

Аристотель бойынша этикалық білімді рухани білім деуге болмайды, этика да логика мен математикадан өзгеше сипатқа ие. Ол бейне азықтық және іс істеу, спорт білімдері секілді жалпылық білімдер мен ұстанымдарға құрылады. Мысал үшін, жақсы спортшы болу үшін теорияны жеттік білумен шектелмей, алдымен тәжірибеге, нақты жаттығу мен шынығуға мән беру керек.

Android-Online.ru

THE NICOMACHEAN ETHICS OF ARISTOTLE



WILLIAM DAVID ROSS

Аристотель ізгі қасиеттің өлшемін бекітті. Ол алдымен адамның іс-әрекетті мақсатты болады деп есептеп, бұл мақсатты жақсылық деп атады. Ал, оның айтып отырған этиканың ең негізгі категориясы болған Ізгілігінің түп өлшемі — бақыт. (Грек тілінде eudaimonia деген сөзді тіке түрде "жақсы өмір сүру" деп аударуға да болады.) Аристотельдің ойынша, бақыт сөзсіз түрде шаттықпен тең болмайды, немесе жай ғана атақ-бедел арқылы келе салмайды. "Адамзаттың түрлі арнайы іс-қимылдарын саралаған соң" Аристотель бақыттың қайнарын байқадым деп есептейді. Ал адам көңіліне талдау жасап үш бөлікті жіктейді: "Азықтану көңілі" (астық, жер, адамға тән), "Сезу көңілі" (хайуанда және адамда бар) және "Ақыл көңілі" (тек адамда ғана бар). Сондықтан, адамзаттың қабілет міндеті дегеніміз адам істеуге тиісті іске кірісу, адамға тән қабілетті пайдалану — ақыл қабілетіне жүгіну деп есептеді. Осындай іс істеген адам бақытты, өйткені ол Ақыл көңілінің мақсаты мен мәніне жетті және соны іске асырды.



Адамның Ақыл көңіліне талпыну дәрежесіне орай адамзат баласы төрт дәрежеге бөлінеді.

олар:

ізгі;

тежемді;

тидаусыз;

сұрқия.

Аристотельдің сенімі бойынша, күллі ізгілік атаулы "Әсіре" және "Кем" ортасындағы тепе-теңдікті сақтаудан туады. Бірақ, бұл Аристотельдің бейне Протагор секілді этика салыстырмашылдығы (релятивизміне) пікіріне салыну емес. Ол бірнеше көңіл күйді (кек, құрмет, қызғаныш) және бірнеше қимылды (қиянат, ұрлық, кісі өлтіру) түгелдей қатеге шығарып, олар мейлі қандай жағдайда туылса да ақтауға келмейді деп есептеді.

«Никомах этикасында» Аристотель үнемі түрлі салалардан екі ұшқары беталысты тауып шығып, соларды тепе-теңдікте ұстауды дәріптеді. Мысалы, әділет, батылдық, дәулеттілік секілділер сол екі қарама-қайшы ұшқарылықтың кемшілігі жойылған орташа мүмкіндікте тепе-теңдікті сақтау есептеледі. Мысалы, Батылдық қорқу мен өзіне сену ортасындағы тепе-теңдік, осы тепе-теңдікті сақтай отырып іс істеу (ерлік көрсету) есептеледі. Шектеусіз қорқыныш, тым аз өзіне сенімділік әлсіздікке, қорқақтыққа, шегіншектікке алып келеді. Сол секілді, тым аз қорқыныш және тым артық өзіне сеніп кету ақымақтыққа, бейбастақтыққа ұрындырады. Сөйтіп, Аристотель заттар ортасындағы, істер ортасындағы, көңіл күйлер орасындағы тепе-теңдік нүктесін тауып шығу бақыттың көзі, ізгіліктің ең биік нұсқасы есептеледі деп тұжырымдады. Осынау екі ұшқарылықтың арасындағы тепе-теңдік нүктесі әдетте "[Алтын арқау](#)" (*Golden Mean*) деп аталады.



Аристотель тағы әділет ұғымына тоқталды. Ол Әділетті екіге бөлді: Толық әділет және Бөлік әділет. Толық әділет Аристотель Аристотель армандаған тек идеал қоғамда ғана болатын әділет. Бөлік әділет болса айырым қылмыс пен әділетсіз істерді жазалау әділеті. Осы тұсқа келгенде Аристотель адамға "тәрбиеленген тұжырым қабілеті" керектігін, сол арқылы істің әділетті, не әділетсіз екенін анық ажырата алатын болуын дәріптеді. Аристотель дамытылған жақсы әдет пен дағды жақсы адамды, жақсы ұлтты, жақсы мемлекетті, жақсы адамзатты қалыптастырады. Ал, "Алтын арқау" ережесіне жаттығу адамды сау, көңілді, белсенді, бақытты етеді.



Фрэнсис Бэкон (1561-1626) - ағылшын философы, ғылыми зерттеудің тәжірибеге сүйенген методологиясын ұсынған. Эмпиристік бағыттың негізін салушы, саяси қайраткер. Ұлыбритания лорд-канцлері, корольдан кейінгі екінші тұлғасы. «Білім - күш» деген қанатты сөз айтқан.

- Негізгі еңбектері
- «Ғылымдар табысы»
- «Жаңа Органон»
- «Жаңа Атлантида»

- Ф.Бэконның философиялық идеясының – эмпиризмнің мәні: таным негізінде тек қана тәжірибе жататындығына. Жеке адам немесе адамзаттың тәжірибесі (теориялық, практикалық) көбейген сайын ол ақиқат білімге жақындай түседі. Бірақ ақиқат білім – түпкі мақсат емес. Білім мен тәжірибенің басты мақсаты – экономиканың дамуына, жаңа нәрселердің, адамның өз әрекетінде практикалық жетістіктерге жетуіне, адамның табиғатқа үстемдік етуіне көмектесу.
- Ф.Бэкон «танымның басты әдісі индукция болуға тиіс» деген новаторлық идея ұсынды.
- Ф.Бэконның философиялық кредосын бейнелейтін афоризмі: «Білім - күш».
- Индукция – көптеген жеке құбылыстарды жалпылау негізінде жалпы қорытындылар жасау (мысалы, «әртүрлі металл түрлері балқитын болса, онда бұл барлық металдардың балқу қасиетіне ие екенін көрсетеді.») деп түсіндіреді Фр.Бэкон.

